

**Гүлназ Сәбитқызы Закиряева^{1*}, Саян Аманжолұлы Жиренов²,
Айгүл Әбидуллақызы Иманғазина³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0001-8632-3323 E-mail: gulnazk86@mail.ru

² филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID 0000-0002-4660-0381 E-mail: saken82@mail.ru

³ филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.,
ORCID: 0000-0001-6335-7179 E-mail: aigul-nurasy@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТІЛДІҢ МЕДИАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Зерттеу жұмысы қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметін қарастыруға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ қоғамының тарихи-мәдени тәжірибесінде тілдің келісімге келтіру, дауды реттеу, әлеуметтік қатынастарды үйлестіру құралы ретіндегі қолданылу ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа сәйкес мақаланың міндеттері: дәстүрлі қазақ қоғамындағы тілдік медиацияның мәдени-әлеуметтік негіздерін талдау; дауды тіл арқылы шешу институттарының тілдік құрылымдары мен прагматикалық стратегияларын сипаттау; ұлттық мәдениеттегі татулыққа бағытталған тілдік нормалардың мағыналық ерекшеліктерін анықтау. Мақалада аталған міндеттерді шешу барысында қазақтың ауызша шешендік мұрасы тілдік-прагматикалық тұрғыда талданады. Зерттеу нәтижесінде қазақ дәстүрлі мәдениетінде тілдің медиациялық қызметі тек коммуникациялық қызметімен шектелмейтіндігі, ол қоғамдық татулықты сақтау, әлеуметтің моральдық кодексін реттеу және даулы жағдайларды бейбіт жолмен шешу механизмдерінің негізін құрайтыны анықталды. Сондай-ақ ел ішіндегі топ бастаған көсем мен сөз бастаған би-шешендердің сөйлеу мәдениеті медиацияның ерекше ұлттық моделін қалыптастырғаны және бұл модельдің тілдік стратегиялары (әдеп формулалары, жанама сөйлеу тактикалары, метафоралық-символдық құрылымдар, прагматикалық жұмсарту тәсілдері) қазіргі медиация теорияларымен өзара үндес келетіні дәлелденді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – қазақ мәдениетіндегі медиация феномені лингвистикалық-прагматикалық аспектіде алғаш рет жүйелі түрде қарастырылып, дәстүрлі тілдік тәжірибенің жалпы медиация теориясына қосатын үлесі көрсетіледі. Практикалық құндылығы – алынған тұжырымдар медиаторларды даярлау бағдарламаларында, келіссөз жүргізудің этномәдени модельдерін құруда, қазақтың ауызекі тілде сөйлеу мәдениетін жаңғыртуға бағытталған жобаларда қолданыс таба алады.

Тірек сөздер: тілдік медиация; билер институты; тілдік тұлға; араағайындық; дискурс

Сілтеме жасау үшін: Закиряева Г.С., Жиренов С.А., Иманғазина А.Ә. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі. *Tiltany*, 2025. №4 (100). 81-92-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-81-92>

**Гүлназ Сабитовна Закиряева^{1*}, Саян Аманжолұлы Жиренов²,
Айгүл Абидуллаевна Иманғазина³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0001-8632-3323 E-mail: gulnazk86@mail.ru

² кандидат филологических наук, профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID 0000-0002-4660-0381 E-mail: saken82@mail.ru

³ кандидат филологических наук, доцент,
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе,
ORCID: 0000-0001-6335-7179 E-mail: aigul-nurasy@mail.ru

МЕДИАЦИОННАЯ ФУНКЦИЯ ЯЗЫКА В ТРАДИЦИОННОЙ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ

Аннотация. Исследовательская работа посвящена комплексному рассмотрению медиативной функции языка в традиционной казахской культуре. Основная цель работы – заключается в выявлении специфики использования языка в историко-культурной практике казахского общества как средства согласования интересов, урегулирования споров и гармонизации социальных отношений. В соответствии с поставленной целью в статье определены следующие задачи: культурно-социальные основы языковой медиации в традиционном казахском социуме; описание языковых структур и прагматические стратегии институтов, обеспечивающих разрешение споров

посредством речи; определение смысловых особенностей языковых норм, ориентированных на поддержание общественного согласия в национальной культуре. В ходе решения обозначенных задач устное ораторское наследие казахов подвергается анализу с языково-прагматических позиций. Проведённое исследование позволило установить, что медиативная функция языка в традиционной казахской культуре выходит за рамки простой коммуникации: она составляет основу механизмов поддержания общественного согласия, регулирования морального кодекса сообщества и мирного урегулирования конфликтных ситуаций. Также доказано, что речевая культура лидеров и би-ораторов способствовала формированию специфической национальной модели медиации, а её языковые стратегии (формы этикета, косвенные способы выражения, метафоро-символические структуры и прагматические средства смягчения) созвучны современным теориям медиации. Научная значимость исследования состоит в том, что феномен медиации в казахской культуре впервые подвергается системному рассмотрению в лингвистико-прагматической перспективе, что позволяет выявить вклад традиционного речевого опыта в развитие общей теории медиации. Практическая ценность работы определяется возможностью использования полученных результатов в программах подготовки медиаторов, при разработке этнокультурных моделей переговорных практик, а также в проектах, направленных на актуализацию культуры казахской устной речи.

Ключевые слова: языковая медиация; институт биев; языковая личность; посредничество; дискурс

Для цитирования: Закиряева Г.С., Жиренов С.А., Имангазина А.А. Медиационная функция языка в традиционной казахской культуре. *Tiltany*, 2025. №4 (100). С. 81-92. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-81-92>

Gulnaz Zakiryayeva^{1*}, Sayan Zhirenov², Aigul Imangazina³

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0001-8632-3323 E-mail: gulnazk86@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID 0000-0002-4660-0381 E-mail: Saken82@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe, ORCID: 0000-0001-6335-7179 E-mail: aigul-nurasyl@mail.ru

THE MEDIATION FUNCTION OF LANGUAGE IN TRADITIONAL KAZAKH CULTURE

Abstract. The research paper is devoted to a comprehensive consideration of the mediative function of language in traditional Kazakh culture. The main purpose of the work is to identify the specifics of the use of language in the historical and cultural practice of Kazakh society as a means of coordinating interests, settling disputes and harmonizing social relations. In accordance with this goal, the article defines the following tasks: cultural and social foundations of linguistic mediation in traditional Kazakh society; description of linguistic structures and pragmatic strategies of institutions that ensure dispute resolution through speech; identification of semantic features of linguistic norms aimed at maintaining social harmony in national culture. In the course of solving these tasks, the oral oratorical heritage of the Kazakhs is analyzed from linguistic and pragmatic positions. The conducted research allowed us to establish that the mediative function of language in traditional Kazakh culture goes beyond simple communication. It forms the basis of mechanisms for maintaining social harmony, regulating the moral code of the community and the peaceful settlement of conflict situations. It is also proved that the speech culture of leaders and bi-speakers contributed to the formation of a specific national model of mediation, and its language strategies (forms of etiquette, indirect ways of expression, metaphorical and symbolic structures and pragmatic means of mitigation) are consonant with modern theories of mediation. The scientific significance of the study lies in the fact that the phenomenon of mediation in Kazakh culture is being systematically examined for the first time in a linguistic and pragmatic perspective, which makes it possible to identify the contribution of traditional speech experience to the development of the general theory of mediation. The practical value of the work is determined by the possibility of using the results obtained in mediation training programs, in the development of ethno-cultural models of negotiation practices, as well as in projects aimed at updating the culture of Kazakh oral speech.

Keywords: linguistic mediation; institute of Biys; linguistic personality; mediation; discourse

For citation: Zakiryayeva, G., Zhirenov, S., Imangazina, A. The Mediation Function of Language in Traditional Kazakh Culture. *Tiltany*, 2025. No.4 (100). P. 81-92. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-81-92>

Кіріспе

Қазақ мәдениетінде тілдің қызметіне – сөз құдіретіне қатысты этномәдени түсінік өте жоғары деңгейде қарастырылады. Этностың тілдің табиғаты мен қызметі туралы түсінігі тілді өнер деп санап, оны жоғары бағалауда көрінеді. Тіл білімінде тілге бірнеше қызмет жүктеледі. Тіл қоғамдық өмірдің айнасы, қозғаушы күші болғандықтан, оның функциясы уақыт өткен сайын жаңарып, жасампаздық танытып отырады. Қоғамдық өмірдің дамуы мен мәдениет

арнасының кеңеюі тілдің медиациялық қызметінің белсенділігінің артуына әсер еткені белгілі. Этностың дәстүрлі мәдениеті мен қоғамдық өмірінде тілдің медиациялық қызметі күнделікті тұрмыста біте қайнасып кеткен. Қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі тұрмыстық өмірге сіңіп, тіпті, жеке бөліп көрсетуге келе бермейтін дәрежеге жеткен. Дәстүрлі этнос мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі отбасындағы отағасы мен отанасынан бастап, елағасы, рубасы, жүзбасы, ұлысбасы, батыры мен бегіне, биі мен шешеніне, ханы мен сұлтанына дейін жазылмаған заңдылықтар негізінде жүктелген. Ал қазіргі уақытта тілдік медиация кәсіби мамандық деңгейіне жетіп, дербес қызмет ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес ғылыми тұрғыдан тілдің медиациялық қызметін лингвистикалық аспектіде қарастырып, лингвоталдаулар нәтижесінде тіл феноменін айшықтай түсуге болады. Тілдің медиациялық қызметі қоғамдық өмірдің кез келген саласына тікелей де, жанама да қатысады. Оның тұрмыстық өмірдегі тікелей ықпалы дау-жанжалдарды шешу үдерісінде көрінсе, жанама қызметі дау-шарлардың алдын алу кезінде көрінеді.

Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметінің тарихы мен бүгінгі даму динамикасын көрсету қазіргі ғылым салалары мен мәдени өмір үшін маңызды саналады. Қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі қоғамдық өмірдің барлық саласында көрініс табады: ол қарапайым отбасындағы тұрмыстық қатынастардан бастап, ауылышлық, ағайынаралық, этносаралық, мемлекетаралық және халықаралық деңгейлерге дейін таралады. Сондықтан дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Яғни, дәстүрлі қазақ мәдениетіне тән медиациялық дискурстың тарихи қалыптасуы мен даму жолы, сондай-ақ өзіндік дәстүрлі этномаркерлі ерекшелігі бар екендігі айқын көрінеді. Осыған орай, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметін және оның дискурстық сипатын анықтау – өзекті мәселелердің қатарында.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қазақтың дәстүрлі дау-шарларын шешу мәдениетін көрсететін екі негізгі мәтін алынды:

1. *Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан әйгілі монологі* – дәстүрлі билер сөзінің медиациялық әлеуетін көрсететін, мәмілеге шақырудың тілдік-прагматикалық тәсілдерін айқын бейнелейтін тарихи мәтін;

2. *Абайдың «Салиқа қыз» дауын шешу барысында айтқан монологі* – қазақ қоғамындағы дау-шарларды реттеу институтының кейінгі кезеңдегі үлгісі ретінде бітімнің моральдық-этикалық әрі тілдік механизмдерін танытатын дерек.

Аталған мәтіндер қазақтың ауызша шешендік дәстүріне тән тілдік құралдарды, сөйлеу стратегияларын реттеу формаларын талдауға мүмкіндік береді. Зерттеуде *салыстырмалы-прагматикалық талдау әдісі* қолданылып, екі би-шешеннің сөзіндегі медиациялық тактикалар мен тілдік амалдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалады. Сонымен қатар *дискурстық талдау* әдісі арқылы монологтердің құрылымы, мақсатты аудиторияға ықпал ету тәсілдері, сөйлеушінің әлеуметтік беделі мен рөлдік позициясы, жанжалдың табиғаты мен оның сөз арқылы шешілу логикасы анықталады.

Мәтіндерге *тілдік-прагматикалық интерпретация* жүргізіліп, келісімге келтіруді қамтамасыз ететін формулалар (жұмсарту, жанама сөйлеу) жүйеленді. Сондай-ақ *мәдени антропологиялық тәсіл* қолданылып, дауды шешу тілінің артында тұрған әлеуметтік нормалар, салт-дәстүр және қазақ қоғамындағы «сөзге тоқтау», «аталы сөзге бойұсыну» қағидасы назарға алынды.

Осы әдістер кешені Қазыбек би мен Абай сөздеріндегі тілдің медиациялық қызметін терең ашуға, қазақ мәдениетіндегі дауды реттеудің тілдік моделі қалай құрылғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Жалпы тіл білімі мен қоғамдық ғылым салаларындағы тілдік медиация дау-шарларды шешуде басымдыққа ие. Әлеуметтік қатынастардағы дауласып отырған екі тарапты бітімге шақыратын медиация институтының тамыры тереңнен бастау алады. В.В. Коломытцева медиацияның қалыптасуындағы төмендегідей 3 кезеңді атап көрсетеді:

1. Алғашқы қауым адамдары өмір сүрген заманда «медиация» деген термин жоқ болса да, араздасып қалған ағайындарды бітімге келтіретін «татуластыру» мәндес әрекеттер жасалған. Мұндай қызмет әдетте, «қара қылды қақ жаратын», шаршы топ алдында сөз бастай алатын, «тура биде – туған жоқ, турасыз биде – иман жоқ» деген қағидатты ұстанатын абыз, ақсақалдарға жүктелді.

2. Орта ғасыр кезеңі және жаңа заман. 1648 жылы бүкіл Еуропа елдері қатысқан отыз жылға созылған соғысты тоқтату үшін медиация қолданылған екен, нәтижесінде соғысушы тараптар бітімге келіп, бейбіт келісімге қол қойыпты. Ал жаңа заманда Швейцария, Германия және Франция арасындағы қақтығыс кезінде Наполеон Бонапарттың медиатор міндетін атқарып, үш елге араағайындық жасаған қызметі тарих беттерінен белгілі. 1803 ж. Наполеон «Медиация акті» жазған деген дерек бар.

3. 1976 жыл дауды шешудің балама әдісі қолданысқа енген жыл саналады. Осы жылы өткен конференцияда соттар «Соттан өзге, дауларды ұтымды етіп шешетін тәсіл болуы керек» деген талап қояды. Сонда Гарвард университетінің профессоры Фрэнк Зандер «көптеген қосымша есігі бар сот» деген ұғым енгізіпті. Демек, бұл соттың дауласып жатқан тараптарға ұсынатын медиациясы немесе төрелік сияқты дауды шешудің балама тәсілдері дегенді білдіреді (Коломытцева, 2013: 268-269).

Ал қазақ қоғамында медиацияны *билер институты* мен *ақсақалдар институты* атқарғаны мәлім. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі билердің, ауылағасының, елағасының, рубасының, ақсақалдардың, қолбасының, жүзбасының, түменбасының рөлі өте жоғары болған. Себебі аталған әлеуметтік статусқа ие тұлғалардың болмысын айшықтап тұратын бірден-бір көрсеткіштер олардың бойларына тән медиаторлық, яки турашылдық, өткірлік, шыншылдық, батырлық, көпті көргендік, тектілік секілді адами сапалар жатады. Ал мұндай сапалардың айқындаушы белгісі – олардың сөзсаптамынан, тілді жұмсауынан, сөз байлығынан көрініп, тілдік құзыреттілікке ие тілдік тұлға саналады. Олар билік жасағанда, батырлық көрсеткенде, рубасылық мәселені көтергенде, елбасылық өнеге көрсеткенде тілдің медиациялық қызметін өз аудиториясының психологиялық ахуалына қарай пайдаланып отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тілдік медиацияның өзіндік этноәлеуметтік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік қазақ қоғамындағы «аталы сөзге жүгіну», «сөзге тоқтау», «сөзге қонақ беру» секілді этностереотиптердің жалпыхалықтық мәдениеттен орын алған әлеуметтік сипатынан көрінеді. Тілдік медиацияны жүзеге асырушылардың (рубасылар, билер, сот алқасы, т.б.) екі тарапқа ортақ кесім айтуы ашық та әділетті жүргізілген. Даудың шешімі екі тараптың мүддесін тең қарап, бейтарап тұрғыда сөздің бейнелеуіштік, эмоционалдық, әлеуметтік тетіктері негізінде көпшілікке түсіндіріліп, кесімді сөз ретінде тәпсірленетін болған. Осыған орай этномәдениетте сөзге тоқтау мәдениеті қалыптасқан. Алайда қазақ қоғамында тура сөзге тоқтай білмегенді қоғам болып тәрбиелеп, егер мәмілеге келмесе ел болып аластап, тезге түсіріп отыруы тілдік медиацияға ерекше әлеуметтік мәртебе берілумен ерекшеленеді.

Қазақ даласындағы билер институтына қатысты зерттеулер Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбасынан» басталды. Орыстың заңдарына қарағанда қазақтар заңының көңілге қонымды, адамгершілік жақтары көбірек екенін, Европа кодекстерінде тұнып тұрған қорқытып-үркіту амалдарының қазақ заңдарында жоқ екендігі баяндалады. «Қазақтарда дүре соғып жазалау ешқашан болған емес. Ал руласы үшін туысқан ағайыны жауап береді» деп дала демократиясындағы билер сотының ерекшелігі мен дау-жанжалдарды шешудегі құқықтық нормалардың ұлттық сипатының тілдік қолданысы туралы тарихи ақпараттар беріледі (Уәлиханов, 2015).

Қазақ заңнамаларын түпкілікті зерттеген академик С.З. Зиманов «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты еңбегінде қазақтың ата заңының бастауы, әділ соттың «Алтын ғасыры», билер сотының оң үлгісі туралы егжей-тегжейлі жазады. Онда ол: «Қазақ құқығы Қазақия деп аталатын ұлан-ғайыр «еркін» аймақта қалыптасқан түркі тілдес көшпелі өркениеттің мәдени аралы, мұрасы және жемісі», – деп билер институтының тамыры тереңде екендігін көрсетеді (Зиманов, 2009: 6).

Г.З. Балғабаева билер институтының мемлекеттік басқару институттарымен тығыз

байланыста болғанын айта келе, оның сонау түркі дәуірінде-ақ пайда болғанын тілге тиек етеді. Аталмыш институттың қалыптасып, даму кезеңдерін ғалым келесі кезеңдер бойынша дәуірлейді:

- Ежелгі түркілер дәуіріндегі бектер мен билер институты;
- Шыңғыс хан дәуіріндегі билер институты;
- Қазақ хандығы пайда болған кездегі билер институты;
- Тәуке хан тұсындағы билер институты.

Г.З. Балғабаева өз зерттеулерінде Ежелгі түркілер дәуіріндегі VI-XI ғасырлардағы Қарлұқ мемлекеті, Түргеш қағандығы, Қарахан мемлекеті тәрізді саяси бірлестіктерде дауларды шешуге және қоғамдағы қатынастарға араласқан бектер болғанын айтады. Шыңғыс хан тұсында оның есімімен қатар Майқы бидің есімі ерекше аталады. Қазақ хандығы құрылған дәуірде «билер институтының» Бәйдібек, Едіге, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Досмұханбет (лақап аты Дос би), Жиёмбет секілді көрнекті өкілдері болған. Зерттеушінің пайымдауынша, Тәуке хан заманында «билер институты» дамуының шыңына жеткен. Бұл дәуірде Әнет баба, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Тайкелтір би, Досай би, Едіге, Сырымбет, Ескелді, Байдалы билер өмір сүрген екен (Балғабаева, 2017: 92-93).

Қазақ даласында медиация қызметі тілдік тұлғалардың араағайындық жасауы арқылы жүзеге асқан. «Абай жолында» Құдайберді Құлыншақтың «бөрте атына» қызыққан соң Құнанбай сол атты сұратады. Құлыншақ *«аяғының желі бар жалғыз-ақ бөрте ат еді»* деп Құнанбайға сұрағанын бермей қояды. Құлыншақтың бұл ісіне: *«Бермейді деген не сұмдық? Торғайдан алмасақ, қайратымыз қайсы? Өкпелеп қайда кетуші еді? Кете алатын күші қайсы?»* (Өуезов, 2020: 211) – деп, Құнанбайдың адамдары кіжінеді. Бөрте аттан шыққан жанжал ушығып, қарулы қақтығысқа ұласады. Тіптен, ел арасында бұл қақтығыс «Мұсақұл соғысы» деген атаумен таралады. Ашуланған ағайын Құнанбайдың атына арыз жазып, ұлыққа жібереді. Іс насырға шапқан соң Құнанбай Құлыншақтарға кісі жібермек болады. Жауға жалынбақтың оңай еместігін біліп тұрған Құнанбайдың таңдауы «жауыққан ағайынның көңілін табады-ау» деген Тоғалақ ішіндегі мықты жас Байғұлақ пен өзіне араз болса да, Көкше – Қаратайға түседі. Құнанбай *«Ара ағайын деп осы екеуін алу керек. Байдалыға соларды салу қажет»* деп наразы тараптың ашуын қайтару үшін араағайындыққа жүгінеді.

Қазақ тілінің сөздігіне сәйкес, араағайындық дегеніміз – қандай да бір мәселеге қатысты келіспей қалған тараптарды келісімге келуге, қайшылықты істі бейбіт жолмен шешуге шақыратын үшінші бір күш (Қазақ сөздігі, 2013: 94). Қазақ қашанда ағайын-туыспен етене жақын араласып, ағайын арасындағы алауыздықтан аулақ болған. Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі дау-жанжалдардың тарихи себебі мен салдарына көз жүгіртетін болсақ, көптеген ұрыс-керіс тілден туындап, тілмен бітісіп жататындығын байқауға болады. Бұған қатысты этнос мәдениетіндегі: *басқа пәле тілден / тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады / он пәленің тоғызы тілден / отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды* секілді паремиялардың мазмұнынан да көруге болады. Ал сол ушыққан мәселені шешуде тілдің бітімгерлік қызметі үлкен дау-жанжалдардың алдын алып қалады. Бұған қатысты да халық даналығында: *аталы сөзге жүгіну / аталы сөзге тоқтау / сөзге қонақ беру / аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды* секілді лексикалық бірліктердің бітімгерлік болмысын байқауға болады. Демек тіл өз кезегінде «араағайындық-бітімгерлік-мәмілегерлік», яки, бір сөзбен айтқанда медиациялық қызмет атқарады.

Мәшһүр Жүсіптің:

*«Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып, жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып, жоқтайтын да ағайын,
Еркелетіп бетіңнен, қақпайтын да ағайын», –*

деген жыр жолдарында алысты жақындататын, ұрысты ұйыстыратын, ауырудан сауықтыратын араағайындық қызмет тілге жүктеліп, тілдік тұлға арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Қоғамдық өмірде әртүрлі тап өкілдері, ағайын-туыс, ру-тайпа арасында араздықтың болуы – табиғи заңдылық. Қазақ халқының арасында ең көп кездесетін дау түрі – жер дауы, жесір дауы, мал-мүлік дауы, ар-намыс дауы болғандығы тарихи деректерде жиі кездеседі. Алайда тұрмыстық

өмірде болған дау-жанжалдар бітімгерлер мен мәмілегерлердің (медиаторлар) қызметі арқылы өз шешімін тауып отырған. Ал олардың дау-шарларды шешудегі төрелік айту, бітістіру, мүдделер қақтығысын ескеру, бейтараптық секілді сапалық көрсеткіштерімен қатар тілдің ішкі иірімдерін меңгеруі мен сөйлеу әдебінің категорияларына басымдық беруі, яғни «туралықтың тізгінін, шындықтың шылбырын, жүйелі сөзді жүгендей» білуі басты алғышарт саналады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында медиация міндетін атқарған әлеуметтік институттардың бірі – *ақсақалдар институты*. Ө. Исенов ақсақалдарды сыйлаудың үш түрлі әлеуметтік мәні болғандығын көрсетеді: «Біріншіден, ақсақал – асқан ақыл иесі; екіншіден, ақсақал – қазақ дәстүрі мен салтын сақтаушы және оның орындалуын қадағалап реттеуші; үшіншіден, ақсақал – рухтар мен ата-бабалар әлеміне жақындай түскен адам, сондықтан, ол ерекше құрметке ие» (Исенов). Демек, қазақ халқы «ақсақал» деген сөзді жасына қарап қана қолданбаған, жөн-жоралғыны білетін, өмірден білген, түйгені көп ақылды адамды ақсақал санаған. Қоғамдық өмірдегі әралуан келеңсіз жағдайлар орын алған жағдайда медиатор ретінде соңғы сөзді айтушы да ақсақалдар болған. Ақсақалдардың шешімі екі тараптың уәждерін қанағаттандыратын, екі жақ үшін де әділ шешім ретінде қабылданатын. Мәселен: «Абай жолында» Балқыбекте өткен саязда (*съезде*) Арғын, Найман, Керей, Уақтың басы қосылып, қат-қабат жиналған талай даудың, алыс пенен жақынның, қиядағы қиынның түйіні мен шешуі қаралады. Сол кезде Байғұлақ: *«Іргеңе кеп төрт арыстың жиыны қонды. Төбедегі айға ұмтылсаң, арманды, шерменді кезім деп отырған жоқсың. Осы отырған ортаңа үлкен бір сыбаға тасталып отыр. «Төбе би» дейді. Арғын аға деп, өзге үш арыс сол сыбағаны ырғаса келсе де, бізге берді»* (Әуезов, 2020: 754-755) – деп, Төбе биді сайлау дәрежесінің өздеріне бұйырғанын алға тартады. Ендігі кезекте сөз бастап отырған Байғұлақ Абайдың ақсақалдығына жүгініп, *«елдің сағы, ердің сыны мұқалмас»* үшін төбе биді өзің сайлап бер деп қолқа салады. «Төбе биліктің сыйға келмей, сынға келетінін» айтқан Абай ойлана келе: *«Болыс та емес, би де емес. Боламын деп өктеген де емес. Халыққа әділет, жаны ашырымен жағатын адам. Айтқан ақылды алсаң, ұстар болсаң, осы Асыл ағанның етегінен ұста»* (Әуезов, 2020: 756) – деп, қасында жүрген Асылбекті атайды. Жиылған жұрт Абайдың сөзіне тоқтап, шешімін құп көреді.

Билер мен ақсақалдар тек ел ішіндегі дау-дамайдың түйінін шешумен шектелген жоқ. Олар әрі саясаткер, әрі дипломат, әрі елші, әрі медиатор бола білді. Осымен байланысты дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметіне қатысты зерттеу жұмысымызда билер мен ақсақалдар (тілдік тұлғалар) «медиаторлық қызметті қалай іске асырды?», «қандай тілдік бірліктер қолданылды?», «тілдік медиацияның суггестиясы деген не?» деген мәселелерді лингвистикалық аспектіде қарастырып, лингвоталдаулар арқылы тарқатып көрсету көзделеді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде сөз өнері жоғары бағаланған. «Өнер алды – қызыл тіл» немесе «Тіл өнері дертпен тең» демекші, тілдің орасан мүмкіндіктерге ие екендігін көрсете білген. Ғылымда көптеген тілге тән функциялар бар. Сол функциялардың біріне тілдің медиациялық қызметін жатқызуға болады. Тілдік медиация тілді тұтынушының тілдік құзыреттілігіне, тілдік тұлға болмысына тікелей тәуелді. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдік тұлғаларға би-шешендер мен елағалары, ауыл ақсақалдары секілді сөз дарыған кісілерді жатқызған. Олар сөз қадірін түсініп, ел бірлігін биік ұстаған. Өз кезегінде елағалары дау-дамайларды екі тараптың мүддесін тең қорғау арқылы шешендік сөздерді қалқан етіп, бітімгерлік қызметтер атқарған. Бұл – дала заңына бағынған қазақ халқына ғана тән феномен. Түрлі-түрлі баптардан тұратын заңдарға, толып жатқан құжаттарға сүйенбей-ақ, бір ауыз сөзбен текетіреті тоқтатып, бір ауыз сөзбен ердің құнын кешіріп, нардың пұлын өтеген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» екенін жақсы білген дана халық сөзді айта білген, сөзді тыңдай білген, сөзге тоқтай білген. Билердің көздегені алты алаштың ауызбіршілігі, бүтіндігі, татулығы мен амандығы болды.

Билер мен шешендердің белгілі бір мәселеге қатысты айтар «аталы сөзі» ауызекі сөйлеу стилінде жүзеге асқан. Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшелігі эмоцияның басым болуы, қыстырма, қаратпа, одағай сөздердің көп қолданылуы, көркемдегіш құралдардың (теңеу, эпитет, гипербола және т.б.) жиі пайдаланылуы арқылы жүзеге асқан. Ауызекі сөйлеу стилі диалогке құрылады,

кей жағдайда монолог та кездеседі. Монолог – сөйлеуші өз ойын бір, бірнеше, көп адамдарға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті. Монологтің мақсаты – тыңдаушыны сендіре білу, логикасы мен эмоциясына әсер ету, өз дегеніне көндіру. Тілдік коммуникацияда диалог пен монологті тілдесім жеке де, қатар да, кезектесе де, жарыса да қолданыла береді. Ауызекі сөйлеу стилінің ішінде диалог және монолог түрінде берілген Қазыбек бидің *«Біз қазақ деген мал баққан елміз»* деп басталатын қалмақ қоңтайшысына қарата айтқан шешендік сөзі қазақ даласындағы медиацияның жарқын үлгісі саналады.

Орта жүздің төбе биі Қазыбек он төрт жасында Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп, алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барады. Қаһарына мінген қалмақ ханының алдында қазақтың би-батырлары бұқпантайлап қалады. Сол тұста сөз сұрап, шаршы топ алдында сөз бастаған Қазыбек би: *«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз! Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз! Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз! Атадан ұл туса құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз! Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!»,* – депті (Шешендік шиырлары: Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы, 1993: 77-78). Екі елді бітістірмекке келген, ынтымақты көксеген Қазыбек бидің бұл оқиғада жай ғана дипломатиялық топтың өкілі емес, үлкен медиаторлық та қызмет атқарғандығы байқалады.

Тілдік тұлғаның дискурста түскендегі монологтің құрылымы төмендегідей:

- Кіріспе – алда айтылар ойға немесе ақпарат туралы хабар ету.
- Негізгі бөлім – түсініктемелер, толықтырулар, көрнекіліктер, дәлелдермен берілетін негізгі ой.
- Қорытынды – негізгі бөлімде айтылғандармен сәйкес жасалған түйіндер (Елшибаева, 2021: 61).

Қазыбек би монологінің кіріспесінде қазақтың қандай халық екені сипатталады, жалпы қазақ халқының болмысы мен тұрмыстық-мәдени өмірі сөзбен суреттеледі.

➤ *Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.*

Қазақ – малшылықты кәсіп еткен халық. Одан бөлек, «мал бағу» деген қолданыс «бейтараптық», «жуастық» деген мағынаны да білдіреді. Мал бағу өз тіршілігі өзінде болған (айранын ұрттап, қойын құрттап) бейтарап тұрмыс кешкендігін көрсетеді.

➤ *Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз!*

Қазақ – тыныштықты, татулық пен бірлікті тұғыр еткен ел. «Бірлік түбі – береке» деп, қазақ халқы берекенің бастауы бірлікте, ынтымақта екендігін ғасырлық тәжірибе ретінде үнемі алға тартып отырады. Г. Смағұлова өз зерттеуінде «Ана тілі» газетіне сілтеме келтіре отырып, үкінің қазақ халқы үшін қаншалықты маңызды болғанын айтады. Баяғыда хандар, би-батырлар өзара үкілі хатпен сәлем жолдасып, қатынасып тұрған екен. Үкілі хат апара жатқан елшіге ешкім тиіспей, керісінше ат-көлік беріп, тамақтандырып, шығарып салған. Алыс сапарға шыққан жолаушылар өзіне, атына үкі тағып аттанған. Хатқа үкі қосып беретін себебі «ел, жер тыныштығын үкідей қас қақпай қорғап отырмыз, сендер де сондай болыңдар» деген мағына білдіреді (Смағұлова, 2010: 69). Қазыбек бидің монологіндегі бұл қолданыс «еліміздің, жеріміздің тыныштығын жоғары бағалаймыз», «өздігімізден ешкімге тиіспейміз», «жөн-жосықсыз соқтықпаймыз» деген мағынаны білдіреді.

➤ *Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз!*

Қазақ – есесін жібермейтін намысты ел. Қойдан жуас болғанымен, от жүректі, өжет ел. Елін, жерін, бесігін жауға бермеген, намысы қайралған, жігері ұшталған ел.

➤ *Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз.*

Қазақ – достықтың қадірін білетін ел. Халқымыз адалдықты, қиын шақта бір-біріне сүйеу болған достықты жоғары бағалаған. Тарихымызда Керей мен Жәнібек, Исатай мен Махамбет, Абай мен Михаэлис, Шоқан мен Ф. Достоевский, Қаныш пен Мұхтар, Ш. Айтматов пен М. Шаханов секілді ұлы адамдардың достықтары белгілі.

➤ *Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз!*

Қазақ – әділдіктің сақшысы, турашыл ел. Көңілінен шықпаған іс-әрекеттерді «басың бар, жасың бар» демей хандарға турасын айтқан. Мәселен, Абылай ханның кеңесшісі әрі ақылшысы болған Бұқар жырау ханға батыл, еркін сөйлеген.

➤ *Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды, ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз!*

Қазақ – ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген халық. «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» деп А. Байтұрсынұлы айтқандай, қазақ өскелең ұрпақты ұлттың болашағы деп білген. Бала кезден бастап баланың бойына еңбексүйгіштік, қиыншылыққа төзу, ел намысын қорғау, ата тегін білу, сөзді қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, салт-дәстүрді бұзбау, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды құндылықтарды сіңірді.

Тілдік тұлғаның ел мен жер мүддесін қорғаудағы диалогке құрылып, монологпен өрілген сөйленісінің негізгі бөлімінде шендестіру (*сен темір болсаң, біз – көмір*), метафора (*сен қабылан болсаң, біз – арыстан*), теңеу (*тұтқыр сары желімміз*) секілді көркемдеуіш құралдарды ұтымды пайдалану арқылы екі елдің арақатынасы сөзбен сипатталады. Қорытынды бөлімінде екі жаққа қатар ой салып, дауласу мен жауласудың пайдасы мен зиянын таразыға сала келе, «не ынтымаққа келейік, не жауласайық деген» ой айтып, шешімді адресатқа қалдырады. Тілдік тұлғаның сөз саптамындағы троптардың көмегімен ойды айшықтап, сөзді түрлендіріп, құбылтып, тындаушысына әсер етуінен автордың өз діттемін (стратегиясын) сәтті жүзеге асырғандығын көруге болады.

Тілдік коммуникациядағы ойды жеткізу мен сөз жұмсамдағы стратегиялау барысында коммуниканттар өздерінің көздеген мақсатына жету үшін жұмсалатын амал-әрекеттер тілдік стратегияға негізделеді. Яғни, діттеген мақсатқа жетуде *ынтымақтастық стратегиясының* алатын орны зор. Ынтымақтастық стратегиясы дегеніміз – коммуниканттар арасындағы келіспеушіліктерді жою, ыңғайсыз жағдайлардың алдын алу болып саналады (Уразғалиева, 2017: 94). Ғалым Н. Уәли «сөйлеу этикетін әдеппен қолдану, сөзді дұрыс жұмсай білу адамдар арасындағы ынтымақтыққа ұйытқы болады», – деп ынтымақтастық стратегиясының шарттарын тілге тиек етеді (Уәли, 1984: 69). Қазыбек бидің жоғарыда көрсетілген монологінде ынтымақтастық стратегиясының мынадай әдістері қолданылған: диалог құру әдісі (*бала би «дат, тақсыр» деп қалмақ ханынан сөз сұрап, әңгімеге араласады*), таныстыру әдісі (*биге сөз тие салысымен қазақтың қандай халық екенін сипаттап, қазақты таныстырады*), мәселені шешу әдісі (*«берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт» деп мәселені алға тартып, бір шешімге келуді ұсынады*), ізгі ниет әдісі (*би «қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз» деп игі тілекпен келгенін ашық жеткізеді*).

Елшілік өкілдерінің екі жақты кездесуі нәтижесіндегі бала бидің тапқырлығы тілдік медиацияның жүзеге асқандығын, қалмақ ханы Қазыбектің айтқанына көніп, мәмілеге келуінен көрінеді. Демек, медиация сәтті болды, екі тарап та ортақ бітімге келді. Бұл жердегі басты салмақ тілді тұтынушы тілдік тұлғаның сөзге тарта білуі, ортақ диалог құруы, сол арқылы өз ойын монолог үлгісінде жеткізе білуі, тілдің бар мүмкіндіктерін (бейнелілік, образдылық, поэтикалық, атауыштық, турашылдық т.б.) көрсете білуі медиатордың тұлғалық әлеуетіне қатысты болса, сөздің өтімділігі тілдік медиацияға қатысты болады. Ал мұндай тілдің мүмкіндіктерін көрсете білу әлеуетін, қазақ халқының дәстүрлі мәдени тарихы мен күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келе жатқандығын мәдени-тарихи деректерден жиі кездестіруге болады. Тілдік медиацияны диахронды және синхронды тұрғыда үздіксіз дамып келе жатқан тілдік құбылыс деп бағалауға болады.

Қазіргі таңда заң жүзінде «медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс»

(Медиация туралы заң: 2011) деген талап қойылады. Одан бөлек өмірлік және кәсіби тәжірибесі мол, адамдармен тіл табыса білу қабілеті, шешендік өнер, әділдік деген сияқты қасиеттер талап етіледі. Осы қасиеттердің бәрі XIX ғасырда өмір сүрген Абайдың араағайындық әрекетін атқару ісінде айқын көрініс тапқан. «Абай жолында» жер дауы, жесір дауына қатысты тартыс көп суреттелген. Соның бірі – Салиқа қыз дауы, бұл дұрдаразды доғарып, билік айту Абайға жүктеледі. Бірнеше күн бойы екі жаққа да адам жіберіп, істі егжей-тегжейлі екшеп, тергеп-тексерген (Әуезов, 2020: 781-782). Бұл мәтінде адам тағдыры кімге де болса қатыстылығы, елдік дәстүр, ата жолы, өткеннен сабақ алу, болашаққа үлгі көрсету секілді мәселелерді көркем сөзбен кестелеп, күрделі оймен безбендеп, логикалық туралыққа салып, философиялық байламмен бекітеді. Ал осы мәтіннің ағайын арасындағы алауыздықты басудағы тілдік медиация құрылымын төмендегідей бөліктерге бөлу арқылы түсіндіруге болады.

Біріншіден, Абай – бейтарап тұлға (Арғын руынан шыққан), дау Керей-Найман елдері арасында болып жатыр. Дау тізгінін ұстаған Абайдың өзі «*Бір айтарым: Тобықтыдан туганыммен екі бауыр, екеуіңнің ісіңе Тобықтының тұрғысынан қарар деме*» деп ағайыншылыққа жол бермейтінін, әділ шешім шығаратынын кесіп айтады. Демек, Абай «медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс» деген талапты орындап тұр.

Екіншіден, Абай бала кезінен-ақ талай тартысты, бітпейтін дау-шарды көріп өседі. Өзі де қорғансыз жатаққа сан рет пана болады. Жатақтың бес жер егінін Тәкежан, Майбасар, Шұбардың жылқылары таптап, тып-типыл етіп кеткен соң Дәркембай Абайға келіп арыз айтады. Сонда Абай Тәкежандар мен жатақтың арасына араағайын болып, жатақтың жоғын өндіріп береді. Бұл медиаторға қойылатын «*өмірлік және кәсіби тәжірибесі мол, адамдармен тіл табыса білу қабілеті*» деген талабына сай келіп тұр.

Үшіншіден, Абай көпшілікке әсер ету тетіктерін тиімді қолдану үшін халық даналығы саналатын афоризмдерді көптеп қолданады. Жоғарыда берілген шағын үзіндіде «*Темігімді тап, танымымды бер*», «*Дау біреу болғанмен, дауа көп*», «*Жақсы жол – елге жора*», «*Жас ұрпақтың талабына құлақ ілмеген елдіктің дауасын таппай, аласын табады*», «*Теңінен айрылып, тілегінен кесілген қыз*», «*Бір өмірге екі өлім бұйырған тәңір тағдыры жоқ*», «*Қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ*», «*Бір жанға екі күймек – әділет емес*», «*Бір қыздың екі сатылмағы жол емес*» деген қанатты сөздердің бір мәтінде 9 түрінің кездесуі медиатордың тілдік құзыреттілігінің күштілігін, интеллектісінің жоғарылығын, дауға ұласқан жағдаяттың оң және теріс жақтарын терең білгендігін көрсетеді. Бұл медиатордың бойында «шешендік өнер» болуы керек деген талапқа сай келумен қатар, әлеуметтік ортаның жағдайын жетік білетіндігін, дауласушы аудиторияның психологиялық ахуалына ықпал ете алатын тілдік бірліктерді бітістіруші күш ретінде дискурсқа түсіруінен байқауға болады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі медиация барысында сөздің күші, би-шешеннің беделі басты рөл атқарады. Зерттеу жұмысындағы Қазыбек би мен Абайға қатысты талданған екі мәтіндегі монолог – дәстүрлі дауды шешу мәдениетінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі көріністері. Екеуінің де мақсаты – жанжалды бейбіт жолмен реттеу, мәмілеге шақыру, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау. Алайда медиацияның тілдік стратегиялары, сөйлеу прагматикасы мен стилистикалық тәсілдері жағынан бірқатар айырмашылықтар байқалады. Оларды 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Қазыбек би мен Абайдың медиациялық сөздерінің салыстырмалы талдауы
 Таблица 1 – Сопоставительный анализ медиативных высказываний Казыбек би и Абая
 Table 1 – Comparative Analysis of Mediative Statements by Kazybek bi and Abai

Талдау өлшемі	Қазыбек бидің монологі	Абайдың «Салиқа дауын» шешудегі монологі
Даудың сипаты	Халықаралық-этносаралық қатығыс (қалмақ-қазақ)	Ел ішілік, әлеуметтік-құқықтық дау

Кесте 1 жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

Медиациялық мақсат	Бітімге шақыру, жаугершілікті тоқтату, қалмақтардың қазаққа деген құрметін ояту	Әділ шешім шығару, екі тараптың да көңілін қалдырмайтын моральдық шешім шығару
Тілдік стратегия	Риторикалық теңеулер, ұлттық символдар, батырлық-ерлік концептілері	Логикалық дәлел, моральдық-этикалық аргументация, тәрбиелік антитезалар
Метатілдік элементтер	Халық намысы, елдік, ерлік, бірлік ұғымдары	Адамгершілік, ар, ождан, әділет категориялары
Медиация нәтижесі	Агрессияны бейтараптандыру және келісімге жағдай жасау	Қоғамдық үлгі боларлық шешім, моральдық қанағаттану

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазыбек би мен Абайдың медиациялық монологтері бір мақсатқа – дау-дамайды бейбіт жолмен шешуге бағытталғанымен, қолданылатын стратегиялары мен тілдік тәсілдері әртүрлі. Қазыбек би өзінің монологінде ұлт абыройы мен батырлықты алға тартып, қарсы тарапты тең дәрежеде сыйлау арқылы келісімге шақыруға мән береді. Ал Абай жеке тұлға құқығы мен қоғамның моральдық нормаларын үйлестіре отырып, әділ шешім ұсынады. Осылайша, Қазыбек би ұлттық символика мен батырлыққа сүйенген экспрессивтік медиацияны қолданса, Абай адамгершілікке бағытталған моральдық медиация үлгісін көрсетеді. Бұл екі үлгі дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметінің әрқилы деңгейлерін көрсетеді.

Қ. Есенова коммуникациялық жүйені «адресант – мәтін – адресат үштағаны» аралығында қарастырып, «мәтіннің прагматикалық әлеуеті қолданылған сөз санына емес, сол сөздердің семантикалық аясының кеңдігіне, фразеологизмдер мен метафоралық қолданыстарға, экспрессивтік мәніне байланысты» деген тұжырымында коммуникацияның тілдік ортаның эмоциясына да қатысты екендігін көрсетеді (Есенова, 2007: 116). Тілдік медиация барысында дискурста түсушілер: *№1 жанжалдасушы тарап – бейтарап тұлға (медиатор) – №2 жанжалдасушы тарап* ретінде өзіндік әлеуметтік тілдік ортаға топтасады. Медиация дискурсының негізгі мақсаты – жанжалдасып жатқан тараптар қақтығыс дискурсы кеңістігінен шығып, келісім аймағына өтуі керек (Куликова, 2016: 102). Жоғарыда талданған мысалдарда Қазыбек би де, Абай да тікелей адресатқа ықпал етіп, тілдік ортаны иландырып, дау-дамайды шеберлікпен шеше білгенін тілдің медиациялық әлеуетін ұтымды пайдалана білгендігінен байқауға болады.

Қорытынды

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тілдің өзіндік функциялары, сондай-ақ әлеуметтік ортадағы жазылмаған ережелері мен заңдылықтары бар. Сол ережеден ауытқыған кезде әлеуметтік әртүрлі қатынаста дау-дамай туындаған. Қоғамдық өмірде тұрмыстық қақтығыстар болып тұрады. Ал осындай қоғамдық қақтығыстар үлкен дау-жанжалдарға ұласып кетпеу үшін ел ағалары араағайындық жасап, екі тарапты бітімге келтіріп, дау-жанжалдың алдын алып отырған. Ол жерде екі тарапты бітістірушілер тіл көмегіне жүгінеді. Тілдің табиғатына тән адамға әсер етуші эмоционалды-экспрессивтік қызметін, кумулятивтік қызметі арқылы арғы-бергі тарихтағы тілдік деректерді жеткізу мүмкіндігін, сондай-ақ тілдің бойындағы «жұмсақтық» пен «тас жарарлық» көзге көрінбейтін қуаттарын пайдалана отырып, ол медиациялық, яки араағайындық функцияларды аудиторияның психологиялық ахуалына сай ұтымды қолданады. Тілдің осындай медиациялық қызметін дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі үлгілерге сәйкестендіріп, тілдің араағайындықта қызмет атқаратындығын көруге болады. Ал араағайындық – қазіргі медиацияның бастауы. Қазір медиатор болу үшін арнайы білім-біліктілік алып, оны құжат жүзінде растау керек. Ал кешегі билер институтының өкілдері бір ауыз сөзімен екі тарапты ортақ мәмілеге келтіре білген.

Медиация институтының негізгі субъектісі – тілдік тұлға, ал тілдік тұлғаның қаруы – тіл. Олай болса, медиация барысында тілге төмендегідей қосымша медиациялық қызмет түрлері жүктеледі:

1. *Коммуникациялық қызмет.* Тіл арқылы тараптар бір-біріне ақпаратты, ойлары мен сезімдерін ұғынықты етіп жеткізеді. Медиация барысында әр тараптың пікірі, сұрағы және талабы түсінікті болу үшін коммуникациялық қызмет шешуші рөл атқарады. Аталмыш қызмет медиаторға тараптар арасындағы түсініспеушіліктерді анықтап, оларды шешуге көмектеседі.

2. *Экспрессивтік қызмет.* Тіл адамдардың эмоциясы мен сезімін білдіруге көмектеседі. Медиация барысында тараптар өздерінің ішкі жан-дүниесін, күйзелістерін немесе уайым-қайғыларын тіл арқылы жеткізеді. Медиатор эмоцияны дұрыс қабылдап, оны оңды бағытқа бұрып, жағдайды жеңілдетуге ықпал етеді.

3. *Реттеушілік қызмет.* Тілдік медиация тараптардың өзара қарым-қатынасын реттеу үшін қолданылады. Медиация кезінде медиатор тілдің көмегімен ережелерді белгілейді, тараптардың пікірталасын мәселені шешу арнасына бағыттайды. Тіл арқылы келіссөздің құрылымын, тәртібін сақтау жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, медиация барысында тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық жағдайды басқару, тараптардың түсініспеушілігін жою және конструктивті шешім қабылдауға ықпал ететін маңызды құрал қызметін атқарады.

Әдебиеттер

- Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> (Пайдаланылған күні: 15.12.2024).
- Әуезов М. Абай жолы. – Т 1. – Алматы: Meloman Publishing, 2020. – 834 б.
- Балғабаяева Г.З., Кенжебай А. Қазақ қоғамындағы билер институтының тарихи бастаулары мен эволюциясы. // Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің жаршысы. – 2017. – №1. – 90-98 бб.
- Елшибаева К.З. Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис. – Алматы, 2021. – 166 б.
- Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөзі материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.
- Зиманов С.З. Суд биев – уникальная судебная система. – Алматы: Атамұра, 2008. – 223 с.
- Коломытцева В.В. Этапы становления медиации в зарубежных странах. // Вестник Тамбовского университета. – 2013. – №2. – С. 268-272.
- Куликова Л.В., Прохорова О.А. Исследовательские подходы к дискурсу медиации в фокусе междисциплинарности. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2016. – № 2(56). – С. 100-104.
- Қазақ сөздігі. / құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Арыс, 2010. – 280 б.
- Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
- Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2015. – 369 б.
- Уразғалиева О.А. Вербализация коммуникативной стратегии сотрудничества в политическом дискурсе (на примере выступления В.В. Путина на 70-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН). // Политическая лингвистика. – 2017. – №3 (63). – С. 94-101.
- Шешендік шиырлары: Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы. / құраст. І. Есхожин. – Алматы: Қайнар, 1993. – 240 б.
- Shoqan.kz [Электронды ресурс]. – https://shoqan.kz/incompleted/works_zapiska_sudebnoy/ (Пайдаланылған күні: 28.11.2024).
- Taisoigan.kz [Электронды ресурс]. – https://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/dastyrlı-ak_sak_aldar-instituty (Пайдаланылған күні: 02.12.2024).

References

- Adilet. Qazaqstan Respublikasy normativtik quqyqtyq aktilerining aqparattyq-quqyqtyq juiesi [Elektrondy resurs]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> (Paidalanylған kuni: 15.12.2024). [Justice. Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> (date of Use: 15.12.2024).] (in Kazakh)
- Auezov, M. (2020) Abaj zholy. T. 1. Almaty: Meloman. 834 b. [Auezov, M. (2020) The path of Abai. V 1. Almaty: Meloman Publishing, 834 p.] (in Kazakh)
- Balgabayeva, G.Z., Kenzhebaj, A. (2017) Qazaq kogamyndagy biler institutynyng tarihi bastaulary men jevoljucijasy. Qostanaj memlekettik pedagogikalıq universitetining zharshysy. No1. B. 90-98. [Balgabayeva, G.Z., Kenzhebaj, A. (2017) Historical origins and evolution of the biy institution in Kazakh society. Herald of Kostanay State Pedagogical University. No.1. P. 90-98.] (in Kazakh)

- Elshibaeva, K.Z. (2021) Sharshysoz diskursynyng lingvopragmatikalyq aspektisi: filosofija doktory (PhD) darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya. Almaty, 166 b. [Yelshibaeva, K.Z. (2021) The linguopragmatic aspect of the public speaking discourse. Diss. for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Almaty, 166 p.] (in Kazakh)
- Esenova, Q. (2007) Qazirgi qazaq media-matinining pragmatikasy (qazaq baspasozı materialdary negizinde). Almaty, 450 b. [Yessenova, K. (2007) Pragmatics of the modern Kazakh media text (based on Kazakh press materials). Almaty, 450 p.] (in Kazakh)
- Kolomytseva, V.V. (2013) Jetapy stanovleniya mediacii v zarubezhnyh stranah. Vestnik Tambovskogo universiteta. No.2. S. 268-272. [Kolomytseva, V.V. (2013) Stages of mediation formation in foreign countries. Herald of Tambov university. No 2. P. 268-272.] (in Russian)
- Kulikova, L.V., Prohorova, O.A. (2016) Issledovatel'skie podhody k diskursu mediacii v fokuse mezhdisciplinarnosti. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. No.2(56). S. 100-104. [Kulikova, L.V., Prokhorova, O.A. (2016) Research approaches to the discourse of mediation in the focus of interdisciplinarity. Philological sciences. Theoretical and practical issues. No.2 (56). P. 100-104.] (in Russian)
- Qazaq sozdigi (2013) Qurast.: N. Uali, Sh. Qurmanbajuly, M. Malbaqov, R. Shojbekov. Almaty: Davir, 1488 b. [Kazakh dictionary (2013) Compiled by: N. Uali, Sh. Kurmanbaiuly, M. Malbakov, R. Shoibekov. Almaty: Davir, 1488 p.] (in Kazakh)
- Sheshendik shiyrlyry: Sheshendik sozder, naqyldar men tolgaular zhinagy (1993). Qurast. I. Eshozhin. Almaty: Qajnar, 240 b. [Oratory poems: A collection of rhetorical words, sayings and thoughts (1993). Compiled by: I. Yeshozhin. Almaty: Qainar, 240 p.] (in Kazakh)
- Shoqan.kz [Elektrondy resurs]. https://shoqan.kz/incompleted/works_zapiska_sudebnoy/ (Paidalanylgan kuni: 28.11.2024). [Shoqan.kz [Electronic resource]. https://shoqan.kz/incomplete/works_zapiska_sudebnoy/ (date of Use: 28.11.2024)] (in Russian)
- Smagulova, G. (2010) Qazaq frazeologijasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografiya. Almaty: Arys, 280 b. [Smagulova, G. (2010) Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph. Almaty: Arys, 280 p.] (in Kazakh)
- Taisoigan.kz [Elektrondy resurs]. https://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/dastyrli-ak_sak_aldar-instituty (Paidalanylgan kuni: 02.12.2024). [Taisoigan.kz [Electronic resource]. https://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/dastyrli-ak_sak_aldar-instituty (date of Use: 02.12.2024).] (in Kazakh)
- Uali, N. (1984) Soz madenieti. Almaty: Mektep, 75 b. [Uali, N. (1984) Word culture. Almaty: Mektep, 75 p.] (in Kazakh)
- Urazgalieva, O.A. (2017) Verbalizaciya kommunikativnoj strategii sotrudnichestva v politicheskom diskurse (na primere vystupleniya V.V. Putina na 70-j sessii General'noj Assamblei OON). Politicheskaja lingvistika. No.3 (63). S. 94-101. [Urazgalieva, O.A. (2017) Verbalization of the cooperation communicative strategy in political discourse (on the example of Vladimir Putin's speech at the 70th session of the UN General Assembly). Political Linguistics. No.3 (63). P. 94-101.] (in Russian)
- Zimanov, S.Z. (2008) Sud biev – unikal'naja sudebnaja sistema. Almaty: Atamura, 223 s. [Zimanov, S.Z. (2008) The Biy Court is a unique judicial system. Almaty: Atamura, 223 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Закиряева Г.С., Жиренов С.А., Иманғазина А.Ә., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

